

References:

1. Decree of the President of the Republic of Kazakhstan “On declaring 2026 the Year of Digitalization and Artificial Intelligence” (December 28, 2025) [Electronic resource]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2600001151>
2. Dauletova R.S. Modern methodology for teaching biology. – Almaty: Abai Kazakh National University of Science and Technology, 2023. – 178 p.
3. Kozhakhmetova K.Zh. Visualization as the main tool for biological education // *Biology and its teaching methodology*. – 2024. – No. 1. – P. 98-106.
4. Tursynbayeva K.Zh., Kurmanova E.S. Modeling and visualization of biological processes // *Journal of Natural Sciences*. – 2024. – No. 4. – P. 187-196.
5. Alimbayev A.A. Virtual laboratories: innovation in biology lessons // *Education and Science*. – 2024. – No. 2. – P. 43-50.
6. Bybee R.W. The BSCS 5E instructional model: Origins and effectiveness. – Colorado Springs: BSCS, 2020. – 160 p.
7. Domin D. A review of laboratory instruction styles // *Journal of Chemical Education*. – 2021. – Vol. 76. – P. 543-547.
8. Bloom B.S. Taxonomy of educational objectives: The classification of educational goals. – New York: David McKay, 1956. – 207 p.
9. Anderson L.W., Krathwohl D.R. A taxonomy for learning, teaching, and assessing: A revision of Bloom’s taxonomy of educational objectives. – New York: Longman, 2022. – 352 p.
10. Millar R. The role of practical work in the teaching and learning of science. – London: National Academy for Science Education, 2024. – 35 p.
11. Hodson D. Teaching and learning science: Towards a personalized approach. – Buckingham: Open University Press, 2020. – 152 p.
12. Bruner J.S. The process of education. – Cambridge: Harvard University Press, 2020. – 97 p.
13. Fosnot C.T. Constructivism: Theory, perspectives and practice. – New York: Teachers College Press, 2025. – 205 p.

FTAMP 14.35.09

<https://doi.org/10.51889/3005-6217.2026.88.2.005>

Қ.Сарқытқан^{1*} , С.Камелжанқызы² 

¹ Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты

² №156 Жалпы білім беретін мектептің география пән мұғалімі

*email: kaster012@mail.ru

ТАРИХИ ИНТЕРАКТИВТІ КАРТАЛАР НЕГІЗІНДЕ ГЕОГРАФИЯНЫ ОҚЫТУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР ЖҮЙЕСІН ӘЗІРЛЕУ

Аңдатпа

Мақалада мектеп географиясын оқытуда тарихи интерактивті карталарды қолданудың әдістемелік және теориялық негіздері қарастырылған. Оқу процесін цифрландыру жағдайында тарихи-кеңістіктік ақпаратты визуализациялау және оны оқу процесінде тиімді пайдалану қазіргі білім беру жүйесінде маңызды әрі өзекті мәселелердің бірі. Бұл зерттеудің мақсаты – тарихи-кеңістіктік деректерді цифрлық карталар түрінде көрсету, тарихи-географиялық процестерді талдау дағдыларын дамыту, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау және деректерді ғылыми тұрғыдан түсіндіру, оқушылардың кеңістіктік ойлауын дамытуға бағытталған тапсырмалар жүйесін құру. Зерттеу барысында тарихи интерактивті карталардың дидактикалық мүмкіндіктері, оларды географиялық тақырыптардың мазмұнымен және оларды оқу процесінде қолдану ерекшеліктерімен үйлестіру әдісі жан-

жақты әрі жүйелі түрде талданатын болады. Сондай-ақ, мақала барысындағы зерттеуде интерактивті карталарға негізделген үй тапсырмалары оқушылардың картографиялық сауаттылығын дамытуға, салыстырмалы талдауға, уақыт пен кеңістіктегі өзгерістерді анықтауға, кеңістікті қорытынды жасауға тиімді ықпал ететіні анықталады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, тарихи интерактивті карталарды жүйелі түрде қолдану мектеп географиясын оқытудың ғылыми-зерттеулік және проблемалық оқытудың әдістерін нығайтуға, білім алушылардың тақырыпқа танымдық қызығушылығын арттыруға, сонымен қатар оқу процесін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: тарихи интерактивті карталар, мектеп географиясын оқыту, кеңістіктік ойлау, тарихи-географиялық үдерістер, картографиялық сауаттылық, цифрлық білім беру технологиялары.

Саркыткан К.^{1*} , Камельжанқызы С.² 

¹ *Институт востоковедения имени Р.Б. Сулейменова*

² *Учитель географии общеобразовательной школы №156*

**email: kaster012@mail.ru*

РАЗРАБОТКА СИСТЕМЫ ЗАДАНИЙ ДЛЯ ОБУЧЕНИЯ ГЕОГРАФИИ НА ОСНОВЕ ИСТОРИЧЕСКИХ ИНТЕРАКТИВНЫХ КАРТ

Аннотация

В статье рассматриваются теоретические и методические основы использования исторических интерактивных карт в обучении школьной географии. В условиях цифровизации образовательного процесса визуализация историко-пространственной информации и её эффективное использование в учебном процессе являются одной из важных и актуальных задач современной системы образования. Целью данного исследования является разработка системы заданий, направленной на представление историко-пространственных данных в виде цифровых карт, развитие навыков анализа историко-географических процессов, выявления причинно-следственных связей, научной интерпретации данных, а также формирование пространственного мышления учащихся.

В ходе исследования всесторонне и системно анализируются дидактические возможности исторических интерактивных карт, методы их интеграции с содержанием географических тем, а также особенности их применения в образовательном процессе. Кроме того, в рамках исследования установлено, что задания для самостоятельной работы, основанные на интерактивных картах, способствуют развитию картографической грамотности учащихся, навыков сравнительного анализа, выявлению изменений во времени и пространстве, а также формированию умений делать пространственные выводы.

Результаты исследования показывают, что систематическое использование исторических интерактивных карт способствует совершенствованию исследовательского и проблемного обучения в школьном курсе географии, повышению познавательного интереса обучающихся к изучаемым темам, а также повышению эффективности образовательного процесса.

Ключевые слова: исторические интерактивные карты, обучение школьной географии, пространственное мышление, историко-географические процессы, картографическая грамотность, цифровые образовательные технологии.

K.Sarkytkan ^{1*} , S.Kamelzhankyzy ² 

¹ R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies

² Geography teacher at General Education School No. 156

*email: kaster012@mail.ru

DEVELOPMENT OF A SYSTEM OF TASKS FOR TEACHING GEOGRAPHY BASED ON HISTORICAL INTERACTIVE MAPS

Abstract

The article discusses the methodological and theoretical foundations of the use of historical interactive maps in teaching school geography. Visualization of historical and spatial information in the context of digitalization of the educational process and it is one of the most important and urgent problems in the modern education system. The purpose of this study is to display historical and spatial data in the form of digital maps, develop skills in analyzing geographical processes, identify causal relationships and interpret data from a scientific point of view, and develop a system of tasks aimed at developing spatial thinking of students. In the course of the study, the didactic possibilities of historical interactive maps, the method of combining them with the content of geographical topics and the features of their use in the educational process will be analyzed in a comprehensive and systematic way. Also, in the study in the course of the article, it is found that homework based on interactive maps effectively contributes to the development of cartographic literacy of students, comparative analysis, identification of changes in time and space, and spatial conclusion. The results of the study show that the systematic use of historical interactive maps makes it possible to strengthen the methods of research and problem-based teaching of school geography, increase the cognitive interest of students in the topic, as well as improve the educational process.

Keywords: historical interactive maps, teaching school geography, spatial thinking, historical and geographical processes, cartographic literacy, digital educational technologies.

Кіріспе. Қазіргі таңда цифрлық технологияны білім беру жүйесінде тиімді пайдалану оқу процесін жетілдірудің маңызды бағыттарының бірі болып саналады. Географияны оқытуда кеңістіктік ақпаратты көрнекі түрде ұсыну, тарихи-географиялық процестерді динамикалық түрде көрсету, білім алушылардың кеңістіктік ойлауын дамыту ерекше маңызды. Осы тұрғыдан алғанда, тарихи интерактивті карталарды пайдалану география сабақтарының мазмұнын жаңғыртуға және студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын жандандыруға мүмкіндік береді.

География ғылымында карталар негізгі ақпарат көздерінің бірі болып табылады. Дәстүрлі карталар кеңістіктік құбылыстарды бейнелеуде маңызды рөл атқарса да, қазіргі цифрлық білім беру ортасында интерактивті карталар ақпаратты жан-жақты талдауға, уақыт пен кеңістіктегі өзгерістерді көрсетуге және деректерді динамикалық талдауда орасан рөл атқарады. Интерактивті карталар оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру үшін белгілі бір уақыт кезеңіндегі аумақтық өзгерістерді, иммиграциялық процестерді, елдердің қалыптасуы мен ыдырауын, сондай-ақ табиғи және әлеуметтік-экономикалық құбылыстардың кеңістіктік сипаттамаларын көрнекі түрде көрсетеді.

Соңғы жылдары білім беру саласында цифрлық картографиялау құралдарын қолдануға ерекше көңіл бөлінуде. Оқу процесінде интерактивті карталарды енгізу білім алушыларға картографиялық сауаттылықты дамытуға, кеңістіктік деректерді өңдеу дағдыларын дамытуға, тарихи-географиялық құбылыстарды салыстырмалы талдау арқылы түсіндіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл әдіс білім алушылардың деректерді талдау, қорытынды жасау және ғылыми ойлау дағдыларын дамытуда маңызды рөл атқарады.

Дегенмен, мектеп географиясын оқытуда тарихи интерактивті карталарды жүйелі қолдану және олардың негізінде тиімді тапсырмалар жүйесін әзірлеу толық жетілдірілмеген.

Көп жағдайда интерактивті карталар тек көрнекі құралдар ретінде пайдаланып, картаның дидактикалық әлеуеті толық іске асырылмай келеді. Сондықтан тарихи интерактивті карталарды оқу процесіне тиімді интеграциялау және олардың негізінде оқушылардың кеңістіктік ойлауын дамыту үшін тапсырмалар жүйесін құру ғылыми және әдістемелік тұрғыдан өзекті.

Осыған байланысты зерттеудің мақсаты географияны оқытуда тарихи интерактивті карталарды қолдануға негізделген тапсырмалар жүйесін құру, оқушылардың кеңістіктік ойлауын дамыту, карталардың оқу процесінде тиімділігін дәлелдеу болып табылады.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысының мақсатына жету және қойылған міндеттерді орындау үшін теориялық және практикалық зерттеу әдістерінің жиынтығы қолданылды. Зерттеу барысында педагогика, географияны оқыту әдістері және цифрлық білім беру технологиялары саласындағы ғылыми еңбектер талданды. Бұл әдіс тарихи интерактивті карталарды географияны оқыту процесінде қолданудың ғылыми-теориялық негіздерін анықтауға мүмкіндік береді.

Ғылыми әдебиеттерді талдау, жүйелеу, салыстыру және жалпылау әдістері теориялық зерттеу әдістерінде қолданылды. Осы әдістерді қолдана отырып, интерактивті карталардың дидактикалық мүмкіндіктері, олардың географиялық тақырып мазмұнымен интеграциялану сипаттамалары, оқушылардың кеңістіктік ойлауын дамытудағы рөлі анықталды. Сонымен қатар, тарихи-географиялық деректерді визуализациялау және оларды оқу процесінде тиімді қолдану үшін оқытудың педагогикалық алғышарттары қарастырылды.

Зерттеудің практикалық әдістері ретінде оқу тапсырмаларын құрастыру, педагогикалық бақылау және оларды оқу үдерісінде алынған нәтижелерді талдау әдістері қолданылды. Зерттеу барысында тарихи интерактивті карталарды пайдалануға негізделген география пәні бойынша арнайы тапсырмалар жүйесі әзірленді. Бұл тапсырмалар білім алушылардың картографиялық сауаттылығын дамытуға, кеңістіктік деректерді талдауға, уақыт пен кеңістіктегі өзгерістерді анықтауға және тарихи-географиялық процестердің өзара байланысын түсінуге арналған.

Нәтижелер. Карта – Жер бетінің, басқа аспан денесінің немесе ғарыш кеңістігінің математикалық тұрғыдан анықталған, кішірейтілген және жалпыланған бейнесі. Онда орналасқан немесе проекцияланған объектілер қабылданған шартты бергілер жүйесі арқылы көрсетіледі [1, 9-6].

Н.Н. Баранскийдің пікірінше, карта тек аумақтың бейнесі ғана емес, сонымен қатар жер жүйесінің құрылымын, өзара байланысын және динамикасын көрсететін географиялық кеңістіктің ғылыми моделі. Объектілерді, олардың сипаттарын және бейнелеу әдістерін тандау кәсіби картографтардың зерттеу мақсаттары мен шешімдеріне байланысты болып, картаны саналы шығармашылық талдау нәтижесіне айналдырды [2].

Картографиялық сауаттылық карталарды тиімді оқу, түсіну және түсіндіру қабілетін білдіреді. Картографиялық сауаттылық картаның таңбалары, масштабы, шартты белгілері және компас бағыттары сияқты әртүрлі элементтерді түсінуді қамтиды. Бұл географиялық ұғымдар мен кеңістіктік қатынастарды түсіну үшін өте маңызды географиялық білім берудің негізгі аспектісі болып табылады. Картографиялық сауаттылық физикалық кеңістікті шарлау, географиялық ақпаратты талдау және кеңістіктік деректерге негізделген шешімдер қабылдау үшін қажет [3].

А.М. Берлянт өз еңбектерінде карталарды бейнелі, символдық, математикалық тұрғыдан анықталған, жеңілдетілген және жалпыланған геокеңістіктік модель ретінде сипаттайды, бұл кеңістіктік заңдылықтар мен табиғи және әлеуметтік ортаның компоненттері арасындағы байланыстарды анықтауға мүмкіндік береді [4]. Бұл тұжырым картографиялық ғылымның әдіснамалық маңыздылығын анықтайды, оның көмегімен аумаққа жүйелі және жалпы көзқарасты қалыптастырады. Карта объектілердің тек қазіргі жағдайын ғана жазып қоймай, сонымен қатар олардың тарихи динамикасы мен процестердің өзара әрекеттесуін көрсетеді. Бұл тұрғыда тарихи карталар ерекше маңызды, өйткені олар зерттеушілерге өткенді қалпына

келтіруге, шекаралардың өзгеруін, халықтың қоныстануын, ресурстарды игеру және инфрақұрылымның дамуын талдауға көмектеседі. Тарихи карталарды пайдалану кеңістіктік заңдылықтарды ғана емес, сонымен қатар табиғи және әлеуметтік жүйелердің дамуындағы себеп-салдар байланыстарын уақыт аясында түсінуге мүмкіндік береді.

Тарихи карталар – жай ғана географиялық нысандардың орындарын көрсететін құрал емес, ол адамзаттың ойлау жүйесінің жазбасы. Әрбір карта – өз дәуірінің мәдениеті, білімі және билік құрылымдарының бейнесі. Тарих карталарын зерттеу арқылы адамзаттың кеңістік туралы түсінігін мыңжылдықтар бойы қалай қалыптастырғанын және сол түсініктер бүгінгі әлемді қалай құрғанын көруге болады [5, 88-б].

Тарихи карталар географияны оқытуда маңызды рөл атқарады. Себебі бұл карталар білім алушыларға уақыттық кеңістікте табиғи және әлеуметтік-экономикалық объектілердің кеңістіктегі өзгерістерін көруге мүмкіндік береді. Белгілі бір уақыттағы аумақтық жағдайды көрсететін дәстүрлі карталардан айырмашылығы, тарихи карталарда шекаралардың динамикасы, халықтың қоныстануы, аумақтық даму, табиғи объектілердің өзгеруі және экономикалық белсенділігі көрсетіледі.

- Ең алдымен, тарихи карталар уақыт пен кеңістікте ойлауды қалыптастыруға көмектеседі. Студенттер әртүрлі кезеңдерді салыстыра алады және штаттардағы, қалалардағы және табиғи орындардағы өзгерістерді түсіне алады. Мысалы, мұхит жағалауындағы немесе ұлттық шекаралардағы өзгерістер. Бұл географиялық процестерді және табиғат пен қоғамның өзара байланысын тереңірек түсінуге ықпал етеді.

- Екіншіден, тарихи карталарды пайдалану аналитикалық дағдыларды дамытуға көмектеседі. Студенттер картографиялық ақпарат негізінде талдауды, салыстыруды және қорытынды жасауды үйренеді. Мысалы, тарихи карталарды заманауи карталармен салыстыру аумақтық өзгерістердің себептерін және урбанизацияның экологиялық проблемаларын анықтай алады.

- Үшіншіден, тарихи карталар оқу материалдарының қолжетімділігін арттырады. Ақпаратты көрнекі түрде ұсыну күрделі тақырыптарды қабылдауға ықпал етеді, оқуға деген қызығушылықты оятады, есте сақтау қабілетін жақсартады.

- Төртіншіден, тарихи карталар география мен тарих курстары арасындағы пәнаралық байланыстарды қолдайды. Олар студенттерге тарихи оқиғалардың (соғыс, отарлау, экономикалық даму) географиялық кеңістікке қалай әсер ететінін түсінуге көмектеседі.

Тарихи білім туралы түсінік ежелгі антикалық дәуірден бастау алатын теориялық дәстүрлермен байланысты. Қазіргі уақытта тарихи білімді қалыптастыру мәселесі ерекше өзектілікке ие болып отыр. Осыған байланысты тарихи білімді тиімді қалыптастыруға бағытталған заманауи технологиялар мен оқыту құралдарын іздеуге деген қажеттілік артып келеді. Қазіргі ғылыми – техникалық прогрестің даму кезеңінде білім алушылардың білімді қалыптастыру үдерісіндегі белсенді іс-әрекетін арттыру үшін арнайы құралдарды қолдану мүмкіндігі бар. Осындай құралдардың бірі – интерактивті карта [6, 25-б.].

Интерактивті карта – бұл пайдаланушы мен компьютер арасындағы екіжақты диалогтық өзара әрекеттесу режимінде жұмыс істейтін электрондық карта. Ол визуалды ақпараттық жүйе ретінде қарастырылады [7].

Интерактивті карта – географиялық аямен байланысты ақпаратты қамтитын электрондық карта [6, 26-б.].

Географияны оқыту барысында пәндік және метапәндік нәтижелерге жетудің тиімділігін арттыру үшін мұғалім мен оқушылардың өзара байланысқан, шығармашылық оқу әрекеті процесінде цифрлық білім беру ресурстарының кешені қолданылады. Әдетте бұл ресурстар оқу процесін ұйымдастыру үшін қажет. Нақтылай айтқанда, сандық түрде ұсынылған, нақты оқу мазмұнына сәйкес таңдалған, сабақ жоспарына бағытталған және қажетті әдістемелік ұсыныстармен қамтамасыз етілген материалдар деп қарастырылады [8]. Цифрлық білім беру ресурстарын қолдану мектеп географиясының аймақтық құрамдасын іске асыру тұрғысынан

ең өзекті мәселе болып табылады. Себебі дәл осы құрамдас бөлік оқу-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету жағынан әлсіз. Ең алдымен бұл мәселе картография бағытына қатысты. Бұл мәселені заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларға негізделген интерактивті карталарды жобалау және енгізу арқылы шешуге болады және шешілуі тиіс [9, 84-б.]. Көрсетілген мәліметтерге сәйкес төменде тарихи интерактивті карталарды қолдану арқылы білім алушылардың кеңістіктік ойлауын дамытатын тапсырмалар үлгілері ұсынылады.

Студент көрсетілген сайтқа кіру арқылы келесі тапсырмаларды орындауы керек: http://www.etomesto.ru/map-world_mir-1928/?y=49.718028&x=55.064340

Тапсырма I. Тарихи және қазіргі саяси карталарды салыстыру арқылы «Дүниежүзінің саяси картасындағы өзгерістерге» геосаяси тұрғыда талдау жасау (сурет 1, 2, кесте 1).



Сурет 1. 1928 жылғы саяси карта [10]



Сурет 2. Қазіргі саяси карта [11]

Кесте 1 - Екі түрлі саяси картаны салыстыра отырып, әлемдік саяси кеңістіктің трансформациясын «кеңістіктік-салыстырмалы» тәсіл арқылы геосаяси тұрғыдан талдау

Орындау талаптары	Орындаған жауаптары
Мемлекеттік шекаралардың өзгеру динамикасын сипаттау	
Империялардың ыдырауы, жаңа мемлекеттердің қалыптасуы және ықпал аймақтарының қайта бөлінуін анықтау	
Өзгерістерді әлемдік соғыстармен, деколонизация үдерісімен және геосаяси блоктардың қалыптасуымен байланыстыру	
Нәтижені кесте немесе аналитикалық карта-схема түрінде ұсыну	

Кесте 2 - Дүниежүзінің саяси картасындағы ірі трансформацияларды туындатқан негізгі геосаяси факторларды жүйелік тұрғыдан талдау


Орындау талаптары	Орындаған жауаптары
Деколонизация, қырғи-қабақ соғыс, федеративтік мемлекеттердің ыдырауы сияқты үдерістерді жеке қарастыру	
Әр фактордың аумақтық құрылымға, аймақтық тұрақтылыққа және халықаралық қатынастар жүйесіне әсерін бағалау	
Геосаяси шиеленіс аймақтарын анықтау Оның қалыптасуындағы Табиғи ресурстар, демографиялық өсім, климаттық өзгеріс және әскери-саяси альянстардың ықпалын бағалау	
Геосаяси теориялар (күштер балансы, ықпал аймақтары, ядро-периферия) негізінде қорытынды жасау	
Қазіргі саяси картаны негізге ала отырып, алдағы 20-30 жылда ықтимал геосаяси өзгерістерге ғылыми болжам жасау.	

Тапсырма II. Арал теңізі акваториясының тарихи өзгерістерін карта арқылы анықтау.



Сурет 3. Ремезовтың картасы, 1697 ж. [8]

1697 жылғы С.У. Ремезовтың картасында Арал теңізі алғаш рет Каспий теңізінен толығымен бөлінген ішкі көл ретінде бейнеленді және Арал теңізі атауымен беріледі. Бір қызығы ЮНЕСКО-ның Ташкенттегі Бюросының аналитикалық жинағында, осы уақытқа дейінгі Аралдың арнасы Узбоймен жалғасып, Каспий теңізімен байланыста дамыған. Дегенмен, Арал теңізінің айдыны тарихтың әртүрлі кезеңдерінде суға толып, тартылып, қайта толысып отырған. Бұл процессті тарихи карталар негізінде жасаған Арал теңізінің әртүрлі жылдардағы акваториясынан көруге болады (сурет 4, кесте 3, 4, 5) [12].



Сурет 4. Арал теңізінің әртүрлі жылдардағы акваториясы

Кесте 3 - Арал теңізінің әр жылдарындағы өзгеріс динамикасын карталарды салыстыру арқылы кеңістіктік және сандық тұрғыдан талдау жасаңыз

Орындау талаптары	Орындаған жауаптары
Әр кезең бойынша акватория ауданының өзгерісін анықтау (мүмкін болса, пайыздық көрсеткішпен есептеу)	
Жағалау сызығының шегіну бағыттарын картада белгілеу	
Солтүстік және Оңтүстік Арал бөліктерінің қалыптасу үдерісін сипаттау	
Амудария және Сырдария ағындарының ауыл шаруашылығына бұрылуын талдау	
Тұздану, шөлдену (Аралқұм), климаттық өзгерістер сияқты салдарларды картада көрсету	

Кесте 4 - Арал теңізінің тартылуына әсер еткен факторларды жүйелеп, олардың экологиялық және әлеуметтік салдарын көрсететін кеңістіктік моделін әзірлеңіз

Орындау талаптары	Орындаған жауаптары
Суармалы егіншілік көлемінің ұлғаюы мен су балансының бұзылуы арасындағы байланысты анықтау	
Геоэкологиялық тұрғыда қорытынды жасау.	

Кесте 5 - Аймақтық даму және тұрақты даму стратегиясын бағалау және болашаққа арналған тұрақты даму сценарийін ұсыныңыз

Орындау талаптары	Орындаған жауаптары
Солтүстік Аралдағы су деңгейінің өзгерісін картографиялық салыстыру	
Балық шаруашылығы мен жергілікті экономиканың қалпына келу динамикасын талдау	
Қалпына келтіру шараларының аймақтық экологиялық тұрақтылыққа әсерін бағалау	
Болашаққа кемінде екі сценарий (оптимистік және инерциялық) ұсыну	

Талқылаулар. Интерактивті тарихи карталарды оқу процесінде қолдану мәселесі бірқатар шетелдік және отандық зерттеулерде толық қарастырылған. Ғылыми еңбектерде білім берудегі интерактивті карталардың орны, жағдайы, әртүрлі аспектілерді оқыту мүмкіндіктері және білім алушылардың танымдық іс-әрекетіне әсері талданады.

Whitney T. мен Brandon P. (2006ж.) зерттеуінде географияны оқытуда интерактивті карталарды қолданудың педагогикалық тиімділігін зерттеу үшін эксперименттік әдіс қолданды. Ғалымдар дәстүрлі және интерактивті карталар арқылы алынған нәтижелерді салыстырып, интерактивті карталардың кеңістіктік ойлауды дамытуға және ақпаратты тез меңгеру ықпалын анықтайды [13].

«Қазақстан халқы» интерактивті ғылыми тарихи картасын әзірлеудегі геоақпараттық жүйелер мақаласында (2020ж.) географиялық ақпаратты және интерактивті ғылыми-тарихи картаны әзірлеудің мазмұндық негіздерін талдайды. Ғалымдар картада тарихи деректерді көрсету, ақпаратты визуализациялау және интерактивті карталардың ғылыми әлеуетін арттыру сияқты мәселелерге назар аударады. Зерттеу интерактивті карталарды құрудың техникалық сипаттамаларын ашуға бағытталған [14].

Katharine M. мен Sarah E. зерттеулерінде қарастырылып отырған карталар білім алушыларды өлкетану туралы білімге қызығушылықты арттырудың тиімді құралы ретінде қарастырылады. Мақалада негізгі басымдық оқушылардың өз бетінше ізденісіне, жобалық және ғылыми-зерттеу жұмыстарына беріледі. Зерттеуде карталар оқу процесінде белсенді оқыту ортасын қалыптастыру құралы ретінде сипатталады [15].

«Impact of activity-based map literacy skills teaching on academic achievement levels of secondary school students of Kazakhstan» (2021ж.) мақаласында картографиялық сауаттылықты дамытуға бағытталған белсенді оқыту әдістерінің оқу жетістігіне әсері қарастырылады. Зерттеуде картографиялық жұмыс дағдыларын дамытудың маңыздылығы атап өтіліп, оқушылардың географиялық ойлау қабілетін жетілдіру жолдарын талдайды. Яғни мақаланың зерттеудегі мақсаты – картографиялық дағдыларды қалыптастыруда педагогикалық негізді қалыптастыру [16].

Аталған еңбектерді мазмұнды талдау оқу процесінде интерактивті карталарды қолданудың әртүрлі ғылыми әдістердің қалыптасқанын көрсетеді. Осы зерттеу шеңберінде қарастырылған еңбектермен салыстыру негізінде ұсынылып отырған мақаланың ерекшеліктерін айқындау үшін кестелік талдау жасалды.

Кесте 6 - Ғылыми деректерді салыстыралы талдау
(13, 14, 15, 16 дерек көздері негізінде құрастырылды)

Мақала	Ұқсастығы	Айырмашылығы	Зерттеудің ғылыми жаңалығы
Whitney Taylor & Brandon Plewe «The Effectiveness of Interactive Maps in Secondary Historical Geography Education»	Географиялық мазмұнға байланысты интерактивті тарихи карталарды пайдалану; оқытудың тиімділігін арттыруға бағытталу	Интерактивті карталар оқу процесінің әмбебап, жалпы құралы ретінде қарастырылып, тапсырмалар жүйесі арнайы құрылмайды	Интерактивті карталар негізінде арнайы әзірленген тапсырмалар жүйесін ұсыну және оның дидактикалық мүмкіндіктерін кешенді талдау
К.Егембердиева, Р.Келинбаева, К.Оразбекова, М.Мағзом «Геоинформационные системы в разработке интерактивной научной исторической карты «Народ Казахстана»»	Тарихи деректерді картада визуализациялау; интерактивті карталардың мазмұндық әлеуетін көрсету	Карталарды әзірлеу технологиясына негізгі назар аударылған, оқу тапсырмалары қарастырылмайды	Дайын интерактивті карталарды география сабағында қолдануға арналған тапсырмалар жүйесін ұсыну
Mitchell & Elwood «Engaging Students through Mapping Local History »	Интерактивті карталар арқылы білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыру	Еркін және жобалық зерттеу басым, тапсырмалар жүйесі қарастырылмаған	Тапсырмаларды жүйелі түрде, деңгейлеп ұйымдастыру арқылы салыстырмалы талдау, уақыт пен кеңістік өзгерістерін анықтау дағдыларын дамыту
Raziya Kaldybekova, Bulent Aksoy, Bahadurkhan Abdymanapov «Impact of Activity-Based Map Literacy Skills Teaching on Academic Achievement Levels of Secondary School Students in Kazakhstan»	Картографиялық сауаттылықты дамытуға бағытталу	Жалпы белсенді әдістер қарастырылады, интерактивті карталар қолданылмайды	Интерактивті карталарға негізделген тапсырмалар жүйесі арқылы картографиялық сауаттылықты дамыту

Тарихи карталарды пайдалану білім алушыларға теориялық білім беріп қана қоймайды, сонымен қатар оларды тарихи және қазіргі географиялық процестерді салыстыруға үйретеді. Тарихи саяси картаны қазіргі карталармен салыстыра отырып, білім алушылар ұлттық шекаралардың өзгеруін, елдердің пайда болуы мен жойылуын, табиғи объектілер динамикасындағы айырмашылықтарды көре алады. Бұл оқушылардың кеңістіктік ойлайын едәуір түрде дамытады.

Арал теңізінің акваториясын зерттеу білім алушыларға су айдындарының көлеміндегі тарихи өзгерістерді, жағалау сызығының динамикасын, адам және табиғи факторлардың әсерін бағалай алады. Бұл процесс оқушылардың экологиялық ойлауын, аналитикалық қабілеттерін, деректерді салыстыру және графиктер мен кестелер арқылы талдау дағдыларын қалыптастырады. Сонымен қатар, тарихи карталарды қолдану мектеп оқушыларының картаны оқу, белгілеу, өлшеу және талдау сияқты практикалық дағдыларын жетілдіреді.

Осы тапсырмалардың көмегімен оқушылар тарихи оқиғалар мен табиғаттағы өзгерістер арасындағы байланысты түсінеді. Бұл олардың жалпы көзқарасын кеңейтіп, себептері мен салдарын бағалауды үйренеді және қоршаған ортаға деген жауапкершілігін арттырады. Сонымен қатар, карталарды қолдану білім алушыларға интерактивті және зерттеу әдістерін практикада қолдануға, ақпаратты интуитивті өңдеуге және нақты мысалдар туралы білімдерін бекітуге мүмкіндік береді.

Сондықтан тарихи және заманауи карталарды салыстыруға негізделген міндет оқушылардың кеңістіктік ойлауын, экологиялық санасын, аналитикалық және практикалық географиялық дағдыларын дамытуға арналған кешенді білім беру құралы болып табылады.

Қорытынды. Зерттеу процесінде географияны оқыту барысында тарихи интерактивті карталарды қолданудың ғылыми-әдістемелік мүмкіндіктері қарастырылып, олардың оқушылардың кеңістіктік ойлауын дамытудағы рөлі анықталды. Талдау нәтижелері интерактивті карталарды оқу процесінде қолдану тарихи-географиялық ақпаратты интуитивті және жүйелі түрде ұсынуға мүмкіндік беретіндігін көрсетеді. Сонымен қатар, бұл құралдар білім алушылардың кеңістіктік деректерді талдау, тарихи өзгерістерді анықтау, салыстырмалы талдау жүргізу, кеңістіктік қорытынды жасау дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі.

Зерттеу көрсеткендей, тарихи интерактивті карталар негізінде жасалған тапсырмалар жүйесі оқушылардың картографиялық сауаттылығын арттыруға, тарихи-географиялық процестердің өзара байланысын түсіндіруге, оқу материалдарын меңгеруді тереңдетуге мүмкіндік береді. Бұл міндеттер оқушылардың танымдық белсенділігін арттырады және олардың мәліметтерді өңдеу, талдау, қорытынды жасау қабілеттерін дамытуға жағдай жасайды.

Сонымен қатар, тарихи интерактивті карталарды оқу процесінде жүйелі түрде қолдану мектеп географиясын оқытудың ғылыми-зерттеу және проблемалық әдістерін жүзеге асыра алады. Бұл өз кезегінде оқушылардың осы пәнге деген қызығушылығын арттырады және олардың оқуға деген ынтасын арттырады. Интерактивті карталармен жұмыс оқушылардың өз бетінше ізденуіне, ақпаратты талдауына және ғылыми негізделген қорытындылар жасауына бағытталған.

Жалпы алғанда, географияны оқыту процесінде тарихи интерактивті карталарды пайдалану білім беру сапасын жақсартуға, цифрлық білім беру технологияларын тиімді енгізуге және оқушылардың кеңістіктік және аналитикалық ойлауын дамытуға көмектесетін тиімді оқыту құралдарының бірі болып табылады.

Алғыс. Мақала «Ватиканның және Батыс Еуропа елдерінің жаңа құнды материалдары бойынша Түркі әлемінің ерте және ортағасырлық тарихы мен мәдениеті» (BR24993132) тақырыбындағы бағдарламалық нысаналы гранттық қаржыландыру жобасын іске асыру шеңберінде дайындалды.

Пайдаланылган әдебиеттер тізімі:

1. Берлянт А.М., Востокова А.В., Кравцова В.И., Лурье И.К., Сваткова Т.Г., Серапинас Б.Б. Картоведение: учебник для вузов / под ред. А.М. Берлянта. – Москва: Аспект Пресс, - 2003. – 477 с. – ISBN 5-7567-0304-7
2. Баранский Н.Н. Научные принципы географии. – Москва: Мысль, - 1980. – 239 с. – URL: <https://www.geokniga.org/books/512?utm>
3. Каймулдинова К.Д., Бейкитова А.Н., Сабденалиева Г.М., Жандосова Г.О. Картографическая компетентность в исследованиях высшего географического образования: обзор предметного поля // Высшее образование в России. - 2024. - Т. 33. №4. - С. 144-168. <https://doi.org/10.31992/0869-3617-2024-33-4-144-168>
4. Берлянт А.М. Картография: учебник для вузов. – Москва: Аспект-Пресс, - 2002. – 336 с. – URL: <https://www.geokniga.org/books/12124?utm>
5. Сарқытқан Қ., Амирбекова С.К. Тарих және картография: Орта жасырлық ислам мен христиан картографиясы және өркениеттер қатығысы // Journal of Oriental Studies. – 2025. – Т. 114. – №3. – 76-90 б.
6. Бекузарова Н.В., Шумовский О.И. Использование интерактивной карты для формирования исторических знаний // International Journal of Advansed Studies. – 2018. – Т. 8. – №4. – С. 22-36.
7. Лопатко Р.Н. Применение интерактивных карт - Москва: Конструкторское бюро, - 2018. - №4. -С. 22-28.
8. Босова Л.Л. Цифровые образовательные ресурсы для преподавательского курса информатики и ИКТ // Информатика и образование. – 2009. – №2. – С. 32-46.
9. Сеницын И.С. Применение интерактивных карт при изучении регионального компонента школьного географического образования // Ярославский педагогический вестник. – 2017. - №2. – С. 84-89.
10. Интерактивті тарихи карталар. URL: <http://www.etomesto.ru/map-world-mir-1928/?y=49.718028&x=55.064340> (қаралым күні 25.02.2026)
11. Карта мира. URL: <http://karty-mira.ru/politic-map.htm> (қаралым күні 25.02.2026)
12. Лайсханов Ш. Динамика акватории Аральского моря на исторических картах // География и водные ресурсы. – 2024. – №2. – С. 52-63.
13. Taylor W., Plewe B. The Effectiveness of Interactive Maps in Secondary Historical Geography Education // Cartographic Perspectives, - 2006. - №55, - P. 16-33. <https://doi.org/10.14714/CP55.325>
14. Yegemberdieva K., Kelinbayeva R., Orazbekova K., Temirbayeva R., Magzom M. Geoinformation systems in the development of interactive scientific historical map “The People of Kazakhstan” // Journal of Geography and Environmental Management, - 2020. - №56(1), - P. 16-27. <https://doi.org/10.26577/JGEM.2020.v56.i1.02>
15. Mitchell K., Elwood S. Engaging Students through Mapping Local History // Journal Geography. – 2012, -№111(4). – P. 148-157. <https://doi.org/10.1080/00221341.2011.624189>
16. Kaldybekova R., Aksoy B., Abdymanapov B. Impact of Activity-Based Map Literacy Skills Teaching on Academic Achievement Levels of Secondary School Students in Kazakhstan // Review of International Geographical Education Online, - 2021. - №11(1), - P. 151-167. <https://doi.org/10.33403/rigeo.853728>

References:

1. Berlyant A.M., Vostokova A.V., Kravcova V.I., Lure I.K., Svatkova T.G., Serapinas B.B. Kartovedenie: uchebnik dlya vuzov / pod red. A.M. Berlyanta. – Moskva: Aspekt Press, - 2003. – 477 s. – ISBN 5-7567-0304-7 [in Russian].
2. Baranskij N.N. Nauchnye principy geografii. – Moskva: Mysl, - 1980. – 239 s [in Russian].
3. Kaimuldinova K.D., Beikitova A.N., Sabdenaliyeva G.M., Zhandosova G.O. Kartograficheskaya kompetentnost' v issledovaniyakh vysshego geograficheskogo obrazovaniya:

obzor predmetnogo polya // Vyssheye obrazovaniye v Rossii. – 2024. – T. 33. – №4. – S. 144-168. <https://doi.org/10.31992/0869-3617-2024-33-4-144-168> [in Russian]

4. Berlyant A.M. Kartografiya: uchebnik dlya vuzov. – Moskva: Aspekt-Press, - 2002. – 336 s. <https://www.geokniga.org/books/12124?utm> [in Russian]

5. Sarkytan Q., Amirbekova S.K. Tarih jáne kartografiya: Orta ġasyrlyq islam men hristian kartografiasy jáne örkeniетter qaqtyġysy // Journal of Oriental Studies. – 2025. – T. 114. – №. 3. – 76-90 b [in Kazakh].

6. Bekuzarova N.V., SHumovskij O.I. Ispolzovanie interaktivnoj karty dlya formirovaniya istoricheskikh znaniy // International Journal of Advansed Studies. – 2018. – T. 8. – №. 4. – S. 22-36 [in Russian].

7. Lopatko R.N. Primenenie interaktivnyh kart // Moskva: Konstruktorskoe byuro, - 2018. - №4. - S. 22-28 [in Russian].

8. Bosova L.L. Cifrovye obrazovatelnye resursy dlya propedevticheskogo kursa informatiki i IKT // Informatika i obrazovanie. – 2009. – №2. – S. 32-46 [in Russian].

9. Sinicyn I.S. Primenenie interaktivnyh kart pri izuchenii regionalnogo komponenta shkol'nogo geograficheskogo obrazovaniya // Yaroslavskij pedagogicheskij vestnik. – 2017. - №. 2. – S. 84-89 [in Russian].

10. Interaktivti tarihi kartalar. URL: <http://www.etomesto.ru/map-world-mir-1928/?y=49.718028&x=55.064340> (qaralym kúni: 25.02.2026) [in Kazakh]

11. Karta mira. URL: <http://karty-mira.ru/politic-map.htm> (qaralym kúni: 25.02.2026) [in Russian]

12. Lajskhanov Sh. Dinamika akvatorii Aralskogo morya na istoricheskikh kartah // Geografiya i vodnye resursy. – 2024. – №. 2. – S. 52-63 [in Russian].

13. Taylor W., Plewe B. The Effectiveness of Interactive Maps in Secondary Historical Geography Education // Cartographic Perspectives, - 2006. - №55, - P. 16-33. <https://doi.org/10.14714/CP55.325> [in English]

14. Yegemberdieva K., Kelinbayeva R., Orazbekova K., Temirbayeva R., Magzom M. Geoinformation systems in the development of interactive scientific historical map “The People of Kazakhstan” // Journal of Geography and Environmental Management, - 2020. - №56(1), - P. 16-27. <https://doi.org/10.26577/JGEM.2020.v56.i1.02> [in English]

15. Mitchell K., Elwood S. Engaging Students through Mapping Local History // Journal Geography. – 2012, - №111(4). – P. 148-157. <https://doi.org/10.1080/00221341.2011.624189> [in English]

16. Kaldybekova R., Aksoy B., Abdymanapov B. Impact of Activity-Based Map Literacy Skills Teaching on Academic Achievement Levels of Secondary School Students in Kazakhstan // Review of International Geographical Education Online, - 2021. - №11(1), - P. 151-167. <https://doi.org/10.33403/rigeo.853728> [in English]

Ш.Ш. Карбаева^{1*} , Н.А. Райымбекова¹ 

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

*e-mail: karbaevash@mail.ru

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Алматы қаласының жалпы өнімінің өсуі Қазақстан аймақтары арасындағы ең үздік көрсеткіштердің бірі. Қаланың сапалы және тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуы қала экономикасын әртараптандыру мен инвестицияларды белсенді тартумен тығыз байланысты.

Алматы қаласы еліміздің экономикалық орталығы және Қазақстан мен бүкіл Орталық Азияның дамуында маңызды орын алатын қарқынды дамып келе жатқан қала ретінде әлем елдеріне танылуда. Алматы өзінің географиялық тиімді орналасу жағдайымен, маңызы бар көлік-логистикалық орталық ретінде Шығыс пен Батысты байланыстыруымен, дамыған экономикасымен іскерлік және мәдени қарым-қатынас жасауда, сондай-ақ инновацияларды өндіріс пен қоғам өміріне ендіруімен ерекшеленеді.

Ұсынылып отырған мақалада осындай әлеуеті бар Алматы қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуын жалпы білім беретін мектептерде тиімді әдіс-тәсілдер арқылы оқыту ерекшеліктері жан-жақты қарастырылады. Ол үшін алдымен типтік білім беру бағдарламаларына талдау жасалып, қаланың демографиялық жағдайы, экономикалық әлеуеті, қызмет көрсету саласының дамуы, көлік инфрақұрылымы мен урбандалу үдерістері географиялық білім беру мазмұны тұрғысынан талданды.

Жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан географиясын оқытудың Типтік оқу бағдарламасында «Аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуы» бөлімі қарастырылады. Онда білім алушылардың Қазақстан аймақтарының табиғи-ресурстық әлеуеті, халықтың орналасу ерекшеліктері, шаруашылықтың аумақтық ұйымдастырылуы және әлеуметтік көрсеткіштері қарастырылып, оқу мақсаттары аймақтардың даму факторларын анықтауды, мамандану салаларын статистикалық және картографиялық материалдар негізінде салыстырмалы талдау жүргізуді, сондай-ақ аймақтық дамудың өзекті мәселелері мен перспективаларын айқындауды көздейді.

Мақалада осы оқу мақсаттарға жетуді жүзеге асырудың әдістемесі жүйелі түрде сипатталады. Әдістеме өзара байланысқан оқытудың белсенді әдістері арқылы сипатталады. Бұл білім алушылардың білімді өмірлік жағдаяттарда қолдану қабілетін нығайтуға, проблемаларды шешу және шешім қабылдау құзыреттіліктерін дамытуға, географиялық деректермен жұмыс істеу, картографиялық және статистикалық ақпаратты талдауда цифрлық құралдарды тиімді пайдалану дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: әлеуметтік-экономикалық даму, Алматы қаласының әлеуеті, жалпы білім беретін мектеп, Қазақстан географиясы, оқытудың белсенді әдістері, цифрлық құралдар.